



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

01.11.2023 ж № 7

Ақсуат ауылы

село Ақсуат

**Ақсуат ауданы Екпін және
Құмкөл ауылдық округтері
әкімдерін сайлауын тағайындау
туралы**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-1 бабының 1-тармағы, 3)-тармақшасына сәйкес Ақсуат аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсуат ауданы Екпін және Құмкөл ауылдық округтері әкімдерін сайлау күні 2023 жылғы 10 желтоқсанға тағайындалсын.

2. 2023 жылғы 10 желтоқсанда өткізілетін Ақсуат ауданы Екпін және Құмкөл ауылдық округтері әкімдерін сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары осы қаулыға сәйкес бекітілсін. *(1 қосымша)*

3. Осы қаулы Ақсуат ауданы әкімінің ресми интернет-сайтына орналастырылсын.

Сайлау комиссиясының төрағасы

Ғ.Закариянов

Сайлау комиссиясының хатшысы

Қ.Нұрбаев



Абай облысы Ақсуат
аудандық аумақтық
сайлау комиссиясы



Территориальная
избирательная комиссия
района Ақсуат, области Абай

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

01.11.2023 ж. № 8

Ақсуат ауылы

село Ақсуат

Ақсуат ауданы Екпін және
Құмкөл ауылдық округтері әкімдерін
сайлау жөнінде сайлау округтерін
құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 6)- тармақшасына және 21-22 баптарына сәйкес Ақсуат аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсуат ауданының Екпін және Құмкөл ауылдық округтері әкімдерін сайлау үшін келесі сайлау округтері құрылсын:

1) Екпін ауылдық округінің әкімі – Екпін сайлау округі Екпін ауылдық округінің шекарасында;

2) Құмкөл ауылдық округінің әкімі – Құмкөл сайлау округі Құмкөл ауылдық округінің шекарасында;

2. Сайлау округтерінің құрамы, орналасқан жерлері, шекаралары және аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетіле отырып Ақсуат ауданы әкімінің интернет-сайтына орналастырылсын.

Сайлау комиссиясының төрағасы

Ғ.Закариянов

Сайлау комиссиясының хатшысы

Қ.Нұрбаев